

Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерліктің дамуының тарихи аспектісі және нарық қатынастары жағдайындағы кәсіпкерліктің дамуы

Шағын бизнес жайында алғашқы жазбаша хабарлама 4000 жыл бұрын пайда болды [1].

Шағын бизнес барлық дерлік ежелгі мәдениеттерде өркендеді. Арабтар, вавилондықтар, мысырлықтар, яһудилер, гректер, финикиялықтар және римдіктер бұл бизнесте ерекшеленді [2].

Нақты айтқанда шағын бизнес арқасында сол уақыттағы танымал барлық елдерге өркеніет тарады.

Негізінен шағын кәсіпорындар бүкіл әлемге вавилондық астрономияны, грек философиясы, еврейлік күнтізбе және рим құқығын берді.

Орта ғасырларда римдік-католиктік шіркеу кәсіпкерлерге инабатсыздық танытты. Шіркеу, бөлшек саудагерлерді күнәһәр ретінде масқаралады, себебі олар тауардың сапасын арттыруға тырыспады, өндірушіге қарағанда өте жоғары бағаны орнатты. 19-шы ғасырға дейін шіркеу жиі-жиі қарыздан пайызды өндіріп алу тәжірибесіне қарсы пікірін білдірді [3].

Капитализмнің пайда болуына байланысты байлыққа ұмтылу шексіз пайданың алып отыруының оянуына алып келді.

Ресейде кәсіпкерлік ежелгі уақыттан бері келе жатыр. Ол әуелі Киев Русінде тауарлық формада және өнеркәсіп түрінде пайда болды. Көпестер мен ұсақ саудагерлерді Ресейдегі алғашқы кәсіпкерлер ретінде саналды. Кісіпкерліктің барынша жақсы дамуы І Петрдің (1685-1725) басшылығы кезінде болды. Бүкіл Ресей бойынша мануфактуралар жасалуда, тау-кен, қару-жарақ, шұға, кенеп тоқитын өнеркәсіп салалары кеңінен даму үстінде.

Кәсіпкерліктің одан әрі дамуы крепоснойлық құқық арқылы баяулатылды. Кәсіпкерліктің дамуында 1861 жылғы реформа маңызды ынталандырушы болып келеді. Темір жолдардың құрылысы басталып, ауыр өнеркәсіп ұйымдастырылу үстінде [3].

1917 жылы жеке бастама қағидасының негізіндегі шаруашылық құрылымдағы кәсіпкер қуаттың, ойлап тапқыштықтың орталығы болып келеді және соның мүмкіндігі нәтижесінде елдің әлауқатына айтарлықтай деңгейде әсерін тигізеді - деген түсінік қалыптасты және тамырын жайды. 1921 жылдың 28 наурыз айында «Мал жемі мен нанды еркін айырбастау» туралы декрет, ал 1921 жылдың 24 мамыр айында –

«айырбастау» туралы декрет қабылданды. Осы уақыттан бастап біздің елде кәсіпкерліктің «рениссансы» басталды, бірақ бұл ұзаққа созылмады 20-шы жылдардың аяғында бәсеңдеді.

Кәсіпкер адамдарды жалпы қатарға тұрғызудың екінші әрекеті айтарлықтай ұзақ уақытқа созылды, мұнда бағынышты еңбекке теңгерімді еңбекақы төленді, бірақ оның түпкілікті қорытындысы 20-шы жылдардың басындағы жағдайға сәйкес келді. Дүкендердің бос сөрелері, кезекте тұрған ызалы адамдар, біздің өміріміздегі бұл белгіден дарынды адамдардың шет елге қашуы, және басқа да экономиканың қатты ауруының белгілері қоғамды кәсіпкерлікті жандандыру қажеттілігі туды.

Кәсіпкерлік қызметінің жандануы жаңа экономикалық саясат жылдарында байқалды – ЖЭС (1921-1926). Бірақ 20-шы жылдардың аяғынан кәсіпкерлік қайтадан тоқтатылды және 90-шы жылдан бастап қана ол дами бастады.

1980 жылдардың ішінде шағын бизнестің жаңа тауарларды ойлап табу мүмкіндігіне және жаңа жұмыс орындарын құруының арқасында беделі айтарлықтай арта түсті.

1987 жылдың аяғында КСРО-да айрықша мәні бар оқиға орын алды: заң шығарушы тұлға ретінде мемлекет жеке бастамаға немесе кәсіпкерлікке рұқсат берді, олардың қызметіндегі басты мақсат меншікті және қарыз қаражаттары есебінен пайда табу, сонымен қатар меншікті капиталды бизнеске салу жолымен жүзеге асты [10].

Атап айтқанда 1987 жылы Қазақстанда кооперативтер пайда болып және белсенді дами бастады.

Қазақстан нарықтық қатынастарға және азаматтардың жеке еркіндігін, зорлық-зомбылықсыз тіршілік етуді қамтамасыз ететін заң өкілдері, өзі үшін еңбектену мүмкіндігіне негізделген демократиялық қоғамның пайдасына таңдау жасады. Бірақ жаңа экономикалық құрылым бүгінгі күнге дейін қалыптасу кезеңін бастан өткізуде.

Ежелгі стереотиптерді жойып, маңызды әлеуметтік құндылық ретінде шаруашылық жетістіктерді және меншіктің әрбір түрін құрмет тұтуға тәрбиелеу, «теңгермешілікті» жою, кәсіпкерлікке қажетті қоғамдық ортаны қалыптастыру арқылы, жоғары тиімді экономиканы

жасауға мүмкіндік береді.

«Кәсіпкер» түсінігі алғашқы заманауи көзқараста ағлышын экономисті XVII ғ. басы – XVIII ғ. аяғы Ричард Кантильон қолданды. Оның ойынша, кәсіпкер – бұл тәуекелділік жағдайында іс-әрекет ететін адам. Р. Кантильон жер мен еңбекті байлықтың көзі ретінде есептеді, және ол экономикалық игіліктердің нақты құнын анықтайды [4].

АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, Германия, Италия және басқа да елдердің тәжірибесі мынаны көрсетеді: шағын бизнестің дамуы жеделдетілген экономикалық өсімге алғышарт жасайды және жергілікті нарықтың дамуына септігін тигізеді [4,5,6].

Шағын кәсіпорындармен жүзеге асырылып жатқан шағын бизнес әр мемлекеттің нарықтық экономикасының негізін құрайды. Статистика көрсеткендей, шағын бизнеске дамыған елдердегі өндіріс үлесінің жартысынан астамы тиесілі.

Шағын бизнес келесідей артықшылықтарға ие:

- меншіктенушілердің санын арттыру;
- негізінен қызмет көрсету саласында жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру және сәйкесінше төмен капиталдық шығындар жұмсау;
- органикалық, техникалық және технологиялық жаңалықтарды ойлап табу және енгізу;
- монополиялық өндірушілерді тарату және бәсекелестік ортаны құру;
- материалдық, қаржылық және табиғи ресурстарды жұмылдыру, сонымен қатар оларды тиімді пайдалану;
- әр түрлі экономика секторларының арасындағы өзара байланысты жақсарту.

90-шы жылдардың басында Қазақстан Республикасында шағын бизнес субъектілерінің ресми анықтамасы болмады және әр түрлі құрылымдарда әр түрлі анықтамалар қолданды. Статустың нақты анықтамасының және кәсіпорындарды шағын бизнеске жатқызатын критерилердің жоқтығы, берілген сектор бойынша статистиканың дұрыс ұсынылмауы топтастырудың және республика экономикасының дамуына қосқан үлесін аймақтық бағалаудың мүмкін еместігімен шаттастырылады.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту туралы заңнамалық база «Шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту» Заңына 1991 жылы қол қойылды. Келесі жылдары бірқатар заңнамалық актілер басып шығарылды «Кәсіпорын туралы» Заң (1992), «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» Заң (1992), «Бәсекелестікті дамыту және монополиялық қызметті шектеу туралы» Заң (1993). 1993 жылы 1994-1996 жж. арналған кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жә-

не дамыту Бағдарламасы қабылданды, ал 1995-1996 жылдары 1999-2000 жж. арналған кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамытудың жаңа Бағдарламасы қабылданды.

1992 жыл мен 1996 жылдар аралығындағы кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың екі мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде, біздің елдегі шағын бизнестің қалыптасуы мен құрылуына негіз болды.

Шағын кәсіпорындардың қызметі «Шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы» Заңымен регламенттеледі.

Шағын кәсіпорындардың экономиканың барлық салаларында жаппай пайда болуы 1990-1992 жж. тиісті, сол уақытта шағын бизнес субъектілеріне айтарлықтай мемлекеттік қолдау көрсетілді және жеңілдік жүйесі ұсынылды. Шағын бизнес белсенділігінің төмендеуі 1993-1994 жж. аралығында байқалды, бұған жалпыэкономикалық жағдайдың нашарлауы, кәсіпкерлік сұрақтар бойынша нормативтік және құқықтық құжаттардың жеткіліксіз өңделуі және т.б. әсерін тигізді.


Келесі кезеңде кәсіпкерліктің дамуына Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылы 6 наурыз айындағы № 3398 «Мемлекеттік қолдауды күшейту шаралары және шағын кәсіпкерлікті дамытуды жандандыру туралы» және 1998 жылы 27 сәуір айындағы №3928 «Кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне заңды және жеке тұлғалардың құқығын қорғау туралы» Заң күші бар жарлығы жаңа серпін берді. Қызметін жүзеге асырып жатқан шағын бизнес субъектілерінің саны 1992 жылы 34 506, 1993 жылы 35 089, 1994 жылы 32 186, 1995 жылы 21 260, 1996 жылы 24 033, 1997 жылы 51 600, 1998 жылы 47 600, ал 2012 жылы 755 913 бірлікті құрады [8]. Осы статистикалық мәліметтерді келесі суреттен көруге болады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап нарықтық экономиканың даму жолына түсті және экономикалық қатынастарды дамытудың батыстық үлгісін таңдады.

Осы уақыт аралығында, экономиканы дамытудың басты бағыттары табысты жүзеге асырылды: макроэкономикалық тұрақтылыққа, меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіруге қол жеткізілді; тұтыну нарығы қанықты; әлеуметтік нарықтық экономика құрылды; барлық меншік түріндегі кәсіпкерлікті дамытудың нормативті-құқықтық базасы жасалды. Қазақстан қоғамында экономикалық құрылысы социалистік өндіру тәсілінен шаруашылық етудің нарықтық әдістеріне ауысты, азаматтардың дүниеге деген көзқарасында терең өзгерістер пайда болды.

Соңғы 20 жылдағы республиканың әлеуметтік-экономикалық саясатының маңызды ар-

ШОК белсенді субъектілерінің саны, бірлік



Сурет – 1. ШОК белсенді субъектілерінің саны.

тықшылығы кәсіпкерлікті қолдау және айрықша шағын және орта бизнесті дамыту болып табылады. Бұл ретте мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2012 жылғы 27-ші қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты векторы» Қазақстан халқына Жолдауы дәлел болды, сонымен қатар бүгінгі таңдағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде кәсіпкерлікке маңызды рөл берілді [7].

Атап айтқанда, шағын және орта кәсіпкерліктің (ары қарай ШОК) үдемелі дамуының басты факторы әр мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық мәселелерін табысты шешу болып табылады.

ШОК-тің дамуы мынадай мүмкіндіктер береді:

- кәсіпорын иелерінің, меншік иелерінің әлеуметтік тобын құру есебінен бәсекеге қабілетті нарықтық қатынастарды құру;
- тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасын арттыру және ассортименттің кеңейту;
- тауарлар мен қызметтерді өндіру нақты тұтынуға жеткізілуі;
- экономиканы құрылымдық қайта құру, оған икемділік, жинақылық, жылдамдылықтың берілуі;
- кәсіпкерлікті дамыту үшін халықтық жеке қаражаттарын жұмылдыру;
- адамдардың шығармашылық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, олардың дарындылығын ашу, әр түрлі кәсіптер мен халық өндірістерін меңгеру;
- еңбек қызметіне халықтық жеке топта-

рын жұмылдыру, бұл үшін ірі өндірістер белгілі бір шектеулер қоюда (үй шаруасындағы әйелдер, зейнеткерлер, мүгедектер, оқушылар);

- ғылыми-техникалық үдерістерді жандандыру;
- жергілікті шикізат көздерін және ірі өндірістердің қалдықтарын игеру және белсенді пайдалану;
- ірі өндіріс қызметіне дайындау және жабдықтар мен жиынтықтаушы бұйымдарды жеткізу, көмекші және қызмет көрсетуші өндірістерді құру;
- мемлекетті төмен рентабельді және шығынды кәсіпорындардан оларды жалдау және сатып алу есебінен босату.

Шағын және орта кәсіпкерліктегі инновациялардың алатын орны ерекше болып келеді.

Шағын кәсіпкерліктің дамуы жоғарыда айтылған және басқа да экономикалық және әлеуметтік қызметтері нәтижесінде мемлекеттік маңыздылығы бар міндетке айналды, сонымен қатар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық үдерісінің ары қарайғы дамуының ажырамас бір бөлігі болып табылады.

ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша, 2013 жылдың наурыз айында республикадағы шағын кәсіпкерлік субъектілері 233,4 мың бірлікті құрады және 2012 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,4%-ға өсті.

Бұл ретте заңды тұлғалардың жалпы саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,7%-ға артты және 321,6 мың бірлік көрсеткішіне жетті [8].

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен шығарылған өнім 2013 жылдың қаңтар-ақпан айында 1276,1 млрд. тенгені құрады. ШОК субъектілерінің жалпы көлемінде жеке кәсіпкерлердің үлесі 69,1%, шаруа (фермалар) қожалықтары – 21,6%, шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары – 8,2%, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары – 1,1% құрады [8].

Дүниежүзілік банктің рейтингі бойынша Doing Business кәсіпкерлеріне максималды жағдай жасау бойынша, Қазақстан 185 мемлекеттің арасында 49 орынға тұрақтады, бұл алдыңғы көрсеткішті 7 орынға жақсартты.

Біз Қытай, Туркия, Польша және Ресей елдерінен айтарлықтай алға шықты. Және де Қазақстан айтарлықтай нәтижелерге жеткен елдердің тізіміне кірді, соның ішінде соңғы жылдары. Енді осы көрсеткіштерді сақтап көрсеткіштердің сапасын арттыру қажет.

Бірақ, атап айтқанда, барлық уақытта шағын және орта бизнес мемлекет жағынан көмекті қажетсінеді.

Мемлекеттік қолдауды және шағын кәсіпкерлікті дамытуды жандандыруды күшейту мақсатында 1997 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Президентінің «Шағын кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ құру туралы Заң күші бар жарлығы шықты.

Президент жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметінің «Шағын кәсіпкерлікті дамыту Қорын құру туралы» қаулысы шықты.

«Шағын кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ өзінің қызметіне 1997 жылдың 18 тамыз айынан бастап кірісті. Қорды құрудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің құрылуы мен экономикалық өсімін ынталандыру, шағын бизнесті қолдауға бағытталған, мемлекеттің қаржылық құралдарын пайдаланудың тиімділігін арттыру.

2006 жылы «Тұрақты даму Қоры «Қазына» Қордың акционері атанды. 2007 жылдың қараша айына дейін шағын кәсіпкерлікті дамыту Қоры келесідей қызметтер мен міндеттер арқылы негізгі мақсаттарға қол жеткізді:

- жобалық қаржыландыруды дамыту: экономиканың ерекше салаларындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерін тікелей несиелендіру, шағын бизнесті әртараптандыру мақсатында және жеке аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ерекшелігіне байланысты;
- қаржылық лизингті дамыту;
- шағын несиелік ұйымдар желісін дамыту;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің екінші деңгейлі банктер алдындағы міндеттемелерін, кепілдендіру жүйесін дамыту;
- Қормен жүзеге асырылып жатқан бағдар-

лама аясында шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кеңес беру қызметін көрсету.

2007 жылдың соңынан бастап, Қорда тұжырымды өзгерістер болды:

Қор «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мәртебесінен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мәртебесіне өзгерді, сол себепті шағын және орта кәсіпкерлікті (одан әрі - ШОК) қолдау жөніндегі тиісті өкілеттіктері де ұлғайды; Қор қаржы институтынан мемлекеттен бөлінетін қаражат активтерін басқару операторына айналды: ШОК субъектілерін қаржылай қолдау және ШОК субъектілерін ақпараттық-талдамалық және консалтингтік қолдау қызметінің жаңа бағыттары әзірленіп, іске асырылып отыр. Қордың фирмалық стилі өзгерді.

2008 жылғы қазан айында, «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ және «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» бірігіп, «Самұрық - Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып өзгерді. Жаңадан құрылған қор қызметінің мақсаты өзіне тиесілі меншік құқығында ұлттық даму институттарының ұлттық компаниялар мен өзге заңды тұлғалардың акциялар пакетін, қатысу үлестерін басқару болып табылатын ұлттық басқарушы холдинг ретінде белгіленді.

Бүгінде «Даму» Қоры 100% акциясы «Самұрық - Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тиесілі ұлттық даму институты болып отыр.

«Даму» Қорының миссиясы – қаржылық, консалтингтік қызметтерді ұсыну интеграторы және операторы ролінде ШОБ-н, сонымен бірге Қазақстанның микроқаржы ұйымдарының сапалы дамуына жәрдемдесу [9].

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің айтарлықтай өсімі бірінші кезекте осы саладағы мемлекеттік органдар қызметінің жандануы нәтижесінде болды.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына тежеуіш болып келе жатқан басты мәселелер, мыналар:

1. Шағын бизнес субъектілерінің қаржылық, материалдық және интеллектуалдық ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігінің шектеулігі;
2. Шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау бойынша заңнамалық және нормативтік базаның жетілдірілмеуі;
3. Шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша инфрақұрылымның нашар дамуы;
4. Кәсіби біліктілігі жоғары мамандардың жетіспеушілігі.

Шағын кәсіпорындарды құру аса көп қаржыны талап етпейді. Олар нарықтық конъюнктураның тербелісіне жедел әрекет етеді, өз шаруашылық қызметтерін жедел және икемді қайта құрады. Шағын бизнес кәсіпкерліктің және бастаманың дамуы үшін қоректік орта болып ке-

леді, бұл арқылы экономика толық және тиімді, дамыған қоғам бола алады. Бизнесі дамытумен байланысты көбінесе жаңа озық ойлар шағын кәсіпорындар тәжірибесінде құрылып жүзеге асады.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына Қазақстандағы нарықтық қатынастардың қалыптасуына айтарлықтай әсер етуде.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік қарқынды

даму үстінде және ол экономика дамуының маңызды факторларының бірі ретінде қарастырылуда.

Шағын бизнестің ары қарайғы дамуы, шағын кәсіпкерлікте инновациялық мүмкіндіктерді пайдалану, және оны ынталандыру Қазақстан Республикасындағы экономикалық жүйені тұрақтандыруды қамтамасыз етеді, оның негізгі тіреуі мықты кәсіпкерлік сынып болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Пирогов Н.Л., Федорчукова С.Г. «Основы предпринимательства. Часть 1. Как все начиналось»: учебное пособие. Издательство МГОУ, 2007 г.
2. Bordo, Michael David (1983). "Some Aspects of the Monetary Economics of Richard Cantillon (subscription required)" *Journal of Monetary Economics* 12 (2): 235–258;
3. Блинов А.О. Малое предпринимательство. Организационные и правовые аспекты деятельности. – 2-е изд. – М.: «Ось-89», 1998.;
4. Jevons, William Stanley (January 1881). "Richard Cantillon and the Nationality of Political Economy". *Contemporary Review* (Oxford, United Kingdom: The Contemporary Review Company Limited): 333–360.
5. INTERNATIONAL BUSINESS PRACTICES IN GERMANY: <http://www.burkardlaw.com/doingbusinessgermany/>
6. JAPAN: Understanding & Dealing with the New Japanese Way of Doing Business Paperback by Boye Lafayette De Mente.
7. Кантарбаев А.К. «Предпринимательство. Институционально-эволюционный подход». «Паритет», Алматы, 2000г.
8. <http://www.stat.kz/Pages/default.aspx>
9. <http://www.damu.kz/307>
10. Бусыгин А. В. Предпринимательство. Основной курс т.1 М.: Экономика», 2000